

КЕЛІСЕМІН
Жамбыл облысы әкімдігінің
жастар саясаты мәселелері
басқармасының басшысы
_____ Ж.Зұлпыхар
« ____ » _____ 2023 жыл

БЕКІТЕМІН
«JASTAR» дамыту орталығы
жастар қоғамдық бірлестігінің
төрағасы
_____ К.Муратбаев
« ____ » _____ 2023 жыл

**«Жыр жауһары» атты облыстық жас ақындар
арасындағы поэтикалық дуэль
ЕРЕЖЕСІ**

Жалпы ережесі

Жамбыл облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен «JASTAR» дамыту орталығының ұйымдастыруымен 2023 жылдың шілде-тамыз айларында облыстың жас ақындары арасында «Жыр жауһары» атты поэтикалық дуэлі өткізіледі.

Поэтикалық дуэльдің мақсаты

- Ұлттық рух пен құндылықтарды жас қаламгерлердің шығармашылығы арқылы ұрпақ санасына сіңіру;
- Қазіргі қазақ поэзиясындағы жастар шығармашылығына көпшіліктің назарын аударту;
- Өңіріміздегі жастар шығармашылығын дамытуға жол ашу;
- Оқырмандардың қазақ поэзиясына деген қызығушылығын арттыру;

Поэтикалық дуэльдің талаптары мен шарттары:

- Поэтикалық дуэльге 18-35 жас аралығындағы ақындар қатыса алады;
- Жыр додасына қатысуға ниетті ақындар өтініммен бірге бір өлең оқып, оны бейнеролик ретінде жіберуі тиіс;
- Өтініммен бірге дуэль барысында оқитын 6 өлеңін де бірге жолдауға міндетті;
- Әділ-қазылар алқасы ақындарды өлең құрылымына, көркемдігі мен мазмұндылығына және ақындық амбициясына қарай бағалайды;

Құжаттарды қабылдау және іріктеу кезеңінің тәртібі

Поэтикалық дуэльге қатысу үшін өтініштер 2023 жылдың 20 шілдесіне дейін «JASTAR» дамыту орталығына тапсырылуы тиіс. Қажетті құжаттар тізімі:

- Өтінім парағы;

- Поэтикалық дуэль барысында оқылатын өлеңдер;
 - Қатысушының шығармашылық өмірбаяны;
 - Жеке куәліктің көшірмесі;
 - 9x13 см көлеміндегі фотосуреті;
 - Үміткерлер өздерінің құжаттарымен бірге өз шығармашылығындағы бір өлеңді оқып, бейнероликті poeziya08@mail.ru электронды поштасына жолдауы тиіс.
 - Бейнероликтің сапалылығына, өлеңнің мазмұндылығына қарай іріктеуден өткен қатысушылар поэтикалық дуэльде жеребе бойынша анықталған өзінің жұбымен бақ сынайтын болады;
- Мекен-жайы: Тараз қаласы, Қажымұқан көшесі 1
 E-mail: poeziya08@mail.ru
 Байланыс телефондары: 8 707 723 78 48, 8 747 298 35 00

Поэтикалық дуэльдің өткізілу тәртібі

- **Бірінші кезең:** ақындар өздері өлең оқыған бейнероликті жіберіп, іріктеледі;
- **Екінші кезең:** Ақындар кезекте бір-бірімен жеребе арқылы жұптастырылып дуэльге түседі, онда өздерінің туған жер, Отан (*Жамбыл облысына немесе өзінің туған жеріне, отанына арналған*) тақырыбында патриоттық өлеңімен қоса еркін тақырыптағы екі өлеңін оқиды.
- **Үшінші кезең:** Финалдық кезеңге жолдама алған ақындар төрешілердің жұптауы бойынша бір бірімен дуэльге түсіп өздерінің еркін тақырыптағы үш өлеңін оқиды.

Ұйымдастыру комитеті

«JASTAR» дамыту орталығы поэтикалық дуэльді өткізу бойынша ұйымдастыру комитетінің құрамын бекітеді.

Ұйымдастыру комитеті байқауды дайындау және өткізу бойынша басшылықты жүзеге асырады, жүлделі орындардың саны мен ақшалай сыйақының мөлшерін анықтайды. Іс-шараның ақпараттық-жарнамалық қолдау түрлерін айқындайды. Байқауды дайындау және өткізу барысында туындайтын өзге де ұйымдастыру мәселелерін шешеді.

Байқауда оқылатын өлеңдерді қатысушыларға қосымша ақы төлемей-ақ тікелей радио мен теледидардан көрсету, жазып алу және одан әрі тарату құқығына ие.

Қатысушының барып-қайтуы жіберуші-жақтан

Байқаудың қазылар алқасы

Байқаудың қорытындысын шығару үшін қазылар алқасы құрылады. Қазылар алқасының құрамына ақындар және зиялы қауым өкілдері кіреді. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті және қайта қарауға жатпайды.

Қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді және оның барлық мүшелері қол қояды. Дауыстар тең бөлінген жағдайда Төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Қазылар алқасы Ұйымдастыру комитетімен белгіленген жүлделі орындарды бермеуге немесе үміткерлер арасында бөлуге құқылы.

Қатысушыны бағалау критерийлері:

- орындаушылық шеберлігіне;
- өлең мазмұнына;
- мәдениеті мен киім үлгісіне;
- репертуарының конкурс ережесіне сәйкестігіне баса назар аударады

Марапаттау

Жеңімпаздар I, II, III орындармен марапатталады.

I орын – жеңімпаздың 200 дана жыр жинағын шығару;

II орын – 150 000 теңге ақшалай сыйлық;

III орын – 100 000 теңге ақшалай сыйлық (2 жүлдегерге);

Жеңімпаздарға басқа да ынталандыру сыйлықтары бар.

Байқауды қаржыландыру

- Байқауды өткізуді қаржыландыру жергілікті облыстық қаражат шегінде жүзеге асады.

Қорытынды ереже

- Осы Ережемен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

**«Жыр жауһары» атты облыстық жас ақындар
арасындағы поэтикалық дуэльге
ӨТІНІМ**

Аты-жөні (толық): _____

Білім алған оқу орнының толық атауы: _____

Жұмыс орны: _____

Мекен-жайы: _____

Байланыс телефоны: _____

Қатысушының қысқаша шығармашылық өмірбаяны мен жетістіктері: _____

Қатысушының қолы: _____